

Ж.Б. Бейсенбинова, А.Т. Енсеева, Л.Ж. Темирбаева, А.Ә. Әбілқасымова,
А.Ж. Есиркепова
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

ПНЕВМОКОКК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Пневмококк инфекциясы бүкіл әлемде қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселесі болып табылады, өйткені оның таралуы, жоғары өлім-жітім көрсеткіші және ауыр асқынулардың дамуы көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда денсаулық сақтау саласына шығындардың артуына ықпал етіп отыр.

Түйінді сөздер: пневмококк инфекциясы, вакцина, иммундық алдын алу, Ұлттық егу күнтізбесі, сырқаттанушылық

Кіріспе

Пневмококк инфекцияларының өзектілігі симптоматсыз тасымалдаудың жоғары деңгейінің, *S. pneumoniae* 75% -ке дейін, негізінен мектеп жасына дейінгі балалар арасында, бастауыш сыныптарда (45% дейін) және балалармен бірге тұратын жанұяларда (29%) күрделене түседі. Бұл ретте тамақтың және мұрын-жұтқыншақтың транзиттік өсіп-өнуі бала туғаннан кейін бірден басталады және 6 айға дейін олардың 76% - ы тасымалдаушылық пайда болады [4].

Бір жасқа дейінгі балалар пневмококкты инфекцияның негізгі тасымалдаушылары болып табылады. Осылайша, ересектерде тасымалдаудың әдеттегі жиілігі 5-7% болса да, ол балалармен бірге тұратын адамдар арасында 30% - ға жетуі мүмкін. Пневмококктық берілу жиілігі әскерге шақырылушылар сияқты ересек топтарда тез артады. Балаларда пневмококктық серотиптерінің саны жасына қарай азаяды, бұл табиғи иммундауды білдіреді және егде жастағы адамдарда пневмококктық инфекциялар, әсіресе инвазивті инфекциялар жиілігінің төмендеуімен қатар жүреді.

Бүгінде пневмококк инфекциясын емдеудің жалғыз жолы вакцинация болып табылады. Әртүрлі контингенттер үшін екі вакцина қолданылады - пневмококк протеин-полисахаридті вакцина (ПКВ) және пневмококк полисахарид (ПГВ).

Әмбебап жаппай вакцинацияны енгізу 0-5 жастағы балалар мен пневмококктық инфекцияға жоғары бейім 65 жастан асқан адамдар үшін ақталған.

Мақсаты

Ата-аналардың өз балаларын вакцинациялауға қатынасы және егуден бас тартумен байланысты хабардарлықты бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Сауалнама жүргізу, статистикалық өңдеу.

Түркістан облысы, Шымкент қаласы Қаратау ауданындағы №3 қалалық емханасының медицина қызметкерлерінен және ата-аналарынан сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 80 респондент қатысты. Ата-аналардың өз балаларына екпе алудан бас тарту жағдайлары сұралды.


Қазақстан Республикасында, әлемнің басқа да елдерінде, пневмококктық инфекция (ПИ) қазіргі кездегі инфектология ілімінің ең өзекті бағыттарының бірі болып саналады және бұл келесі жағдайларға байланысты болады:

- ерте жастағы балалар арасындағы жоғарғы деңгейлік сырқаттанушылық пен өлім-жітімділіктің болуымен;
- бактерия тасымалдаушылық деңгейдің жоғары болуымен;
- бір жасқа келген балалар арасында 6-15% дейін, интернаттарда тәрбиеленетін балалар арасында-50,7%. Бұл көрсеткіштер балалар мекемелеріне бара бастаған кезде 85% дейін арта түседі.
- Бактерия тасымалдаушы балалар осы инфекцияның резервуары (қоры) және ересек адамдар үшін жұқтырушы инфекция көзі саналады.
- *St.pneumoniae* серотиптерінің өте көп болуымен (жалпы саны қазіргі кезде 96-ға жетті), олардың ішіндегілерінің 10-15 жуығы көп жағдайда адамдардағы сырқаттанушылықтың этиологиялық агенті болып саналуымен;
- таралымдағы пневмококктық серотиптерді анықтау осы инфекцияны этиотроптық емдеудегі дәрілерді таңдаудың маңыздылығымен және пневмококктық вакциналар жасау кезінде аса қауіпті серотиптердің вакциндік препараттар құрамында болуының да аса маңызды болуымен (соңғы тезис бойынша толық ақпараттар төменде баяндалады).
- Инвазивтік пневмококктық штаммдар спектрін региондар бойынша, науқастанғандардың жасына қарай, қолданыстағы антибиотиктерге баланысты әр түрлі болуымен, иммундық тапшылықтың туындауымен (АИТВ-қоса), [55] – аталған факторлар пациенттерде туындайтын патологиялардың ауыр түрлерінің пайда болуына әсер етуімен;
- *St.pneumoniae*-нің антибиотиктерге (пенициллиндерге, макролидтерге, тетрациклинге, котримоксазолға) төзімділік жасау қабілетімен, әсіресе жіті орта отит (ЖОО) кезінде өте көп қолдануымен (40 % пациенттерде).
- Пневмококктық инфекциямен науқастану бойынша қауіп-қатер топтағылардың барлығына алғашқы профилактикалық шара болып саналатын ең тиімді және арзан әдіс ретінде вакцинация жасау керек деп санайды. Қауіп – қатер тобына кіретіндер:
- созылмалы обструктивті өкпе қабынумен (СОӨҚ – ХОБЛ) зардап шегетіндер;
- аутоиммундық аурулары бар (ревматоидтық артрит, қант диабеті, гломерулонефрит, тиреоидит және басқа да нозоформалар).
- бауыр циррозымен ауыратындар;
- созылмалы жүрек-қантамыр ауруларымен (ЖҚА), респираторлық жүйе, нефрологиялық аурулармен, науқастанғандар;
- мүшелер және тіндерді трансплантациялаудан кейінгі (трансплантацияға дейін);
- қатерлі ісіктер анықталғандар;
- АИТВ – жұқтырғандар;
- жабық ұжымдарда болатындар (балалар үйіндегілер, қарттар үйіндегілер, интернаттағылар, казармаларда тұратын әскерилер);
- ауруханадан тыс болған асқынулары бар пациенттер, жіті орта отитпен сырқаттанғандар, менингитпен ауырғандар.

- жасы 65 – тен асқан қарттар.


Вакцинацияны ең алдымен конъюгацияланған «Превенар-13» препаратымен бастау керек (бұл иммундық есте сақтау қабілетін туындату үшін және сақтандырғыш қасиетті созу үшін қажет. Сонымен қоса «ППВ-23» вакцинасы арқылы серотиптері көп препаратты қолдану тактикасын іске асыру да аса маңызды болып саналады. Превенар-13 вакцинасын енгізгеннен кейін 8 аптадан соң «ППВ-23» препаратын пайдалану керек (ең тиімді арақашықтық 12 ай).

2015 жылы екпеден бас тартқан адамдар саны




Сурет 1 - 2015 жылы екпеден бас тартушылық жағдайлары

2016 жылы екпеден бас тартқан адамдар саны




Сурет 2 - 2016 жылы екпеден бас тартушылық жағдайлары

2017 жылы екпеден бас тартқан адамдар саны




Сурет 3 - 2017 жылы екпеден бас тартушылық жағдайлары

2018 жылы екпеден бас тартқан адамдардың саны



Сурет 4 - 2018 жылы екпеден бас тартушылық жағдайлары



Сурет 5 - 2019 жылы екпе алудан бас тарту жағдайлары

2015 жылы 58 адам екпе алудан бас тартқан. Не үшін екпе алмағанын сұрағанда 35 ата – ана діни ағымда жүрген тұрғындары екпеден бас тартқан. Қалған 25 -і туа біткен ауруларына байланысты бас тартқандар.

2016 жылы 52 адам екпеден бас тартқан сұрау нәтижесінде 30 – ы, діни ағымдағы көзқараста жүрген тұрғындар екпе алудан бас тартқан. 22 –і, туа және жүре пайда болған ауруларына байланысты бас тартқан.

2017 жылы 46 адам екпе алудан бас тартқан олардың 18 –і әр түрлі туа біткен ауруларына байланысты бас тартқан. 28 адам – діни көзқарастағы адамдар көп жағдайда екпеден бас тартқан.

2018 жылы 41 адам екпе жасаудан бас тартқан олардың 22 –і туа және жүре пайда болған ауруларға байланыста екпеден бас тартқан. 19 –і діни көзқараста жүрген адамдар.

2019 жылы 35 адам екпеден бас тартқан олардың ішінде 11-і түрлі ауруларына байланыста екпе жасаудан бас тартқан. 24-і діни көзқарастағы адамдар.

Қорытынды және нәтижелер

Балалардың пневмококк пневмониясымен, пневмококтық менингитпен аурушылдығы және жіті орта отитпен аурушаңдық көрсеткіштерінің күрт төмендеуі, сонымен қоса инвазивті пневмококтық пневмониядан қайтыс болғандар санының әжептеуір төмендеуінің басты себебі ҚР осы инфекцияға қарсы жоспарлы вакцинацияның әсері екені дәлелді. ҚР-ң профилактикалық екпе жасау Ұлттық күнтізбесіне 2010 жылы енгізілген пневмококтық инфекцияға қарсы «Превенар-13» вакцинасын күнделікті тәжірибеде қолданысқа енгізу және осы текті «Синфлорикс-10» препаратымен ауыстырмауды, немесе екеуін де бірге пайдалануды тиімсіз екені айқын дәлелденген. Пневмококтық инфекцияларға қарсы жоспарлы вакцинацияны («Превенар-13» және «Пневмо-23») препараттарын қолданып, қауіп-қатер тобындағыларға эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша екпе жасауды іске асыру халық арасында сырқаттанушылық пен өлім-жітімділік көрсеткіштерін күрт төмендеуіне мүмкіндік туындатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Амиреев С. Стандартные определения случаев пневмококковых инфекций: пневмококковой пневмонии, менингита и острого среднего отита // Журнал Инфектологии. – 2017. – Т.9, №1. – С. 28-36.
2. Брико Н.И., Симонова Е.Г., Костинов М. П. И др. Иммунопрофилактика пневмококковых инфекций. Учебно методический комплекс. – М.: 2013. – 9 с.
3. Амиреев С., Қуатбаева А.М., Саттаров А.И., Совершенствование Национального календаря профилактических прививок Республики Казахстан // Журнал Инфектологии. – 2015. – Т.7., №2. – С. 49-56.

- 4 Амиреев С., Ералиева Л.Т., Сегодняшние приоритеты, упущенные возможности и перспективы защиты детей раннего возраста от иммуноуправляемых инфекций: стратегия внедрения новых вакцин, возникающие проблемы и методология их решения // Журнал Инфектологии. – 2015. – Т.7, №2. - С. 81-85.
- 5 Амиреев С., Ералиева Л.Т., Вакцинация против пневмококковой инфекции в «Превенар-13» над «Синфлорикс-10», Казахстане: преимущество препарата сравнительный анализ опыта их применения в разных странах // Журнал Инфектологии. – 2017. – Т.9., №3. – С. 52-57.
- 6 Әміреєв С.Ә., Н. Жайыкбаев Қолданыстағы иммунизация. – Алматы: 2018. – 97 с.

Ж.Б. Бейсенбинова, А.Т. Енсеєва, Л.Ж. Темирбаєва, А.Ә. Әбілқасымова, А.Ж. Есиркепова
Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова

ЭФФЕКТИВНОСТЬ КАЗАХСТАНСКОГО ОПЫТА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВАКЦИН ПРОТИВ ПНЕВМОКОККОВЫХ ИНФЕКЦИЙ

Резюме: Пневмококковая инфекция является актуальной проблемой современной медицины во всем мире, так как ее распространение, показатель высокой смертности и развитие тяжелых осложнений способствуют увеличению расходов на здравоохранение во многих странах, в том числе и в Казахстане.

Ключевые слова: пневмококковая инфекция, вакцина, иммунопрофилактика, Национальный календарь прививок, заболеваемость

Z.B. Beisenbinova, A. Yenseyeva, L. Temirbayeva, A.A. Abilkasymova, A. Yessirkepova
Asfendiyarov Kazakh National medical university

THE EFFECTIVENESS OF KAZAKHSTAN'S EXPERIENCE IN THE USE OF VACCINES AGAINST PNEUMOCOCCAL INFECTIONS

Resume: Pneumococcal infection is an urgent problem of modern medicine all over the world, since its spread, high mortality rate and the development of severe complications contribute to an increase in healthcare costs in many countries, including Kazakhstan.

Keywords: pneumococcal infection, vaccine, immunoprophylaxis, national vaccination schedule, incidence